

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2023 жылғы 25 мамырдағы
№ ДС-187

Құрметті депутаттар!

Еліміздегі киіктердің санын реттеу бойынша шаралар қабылдауға қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Киіктердің популяциясын басқарудың кешенді тәсілдерін әзірлеу мақсатында Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті Қоныс аударатын жабайы жануарларды сақтау жөніндегі конвенцияның (бұдан әрі – ЖЖСК) хатшылығымен өзара іс-қимыл жасай отырып, жануарлар дүниесін қорғау және пайдалану жөніндегі халықаралық сарапшылармен (28 ақпан және 1 наурыз) консультациялар өткізді.

Сондай-ақ ағымдағы жылғы 20-24 мамыр аралығында халықаралық сарапшылар тобы Батыс Қазақстан облысындағы киіктердің мекендейтін жерлеріне барып, халықпен және фермерлермен орын алған мәселелерді талқылады.

Сонымен қатар 25-27 мамыр аралығында Астана қаласында ЖЖСК хатшылығының қызметкерлерін және Сирек кездесетін түрлермен халықаралық сауда конвенциясын (СИТЕС), жабайы жануарлармен қақтығыстарды басқару мәселелері жөнінде халықаралық сарапшыларды тарта отырып, консультативтік кездесу өткізілді.

Анықтама: Құстарды корольдік қорғаудың қоғамы (Ұлыбритания), Халықаралық табиғатты қорғау одағының (IUCN) тірі қалу тобы, Германияның табиғатты қорғау және биоәртүрлілік қоғамы, Франкфурт зоологиялық қоғамы (Германия), Оксфорд университеті (Ұлыбритания), Халықаралық аңшылық және басқа жабайы табиғатты қорғау кеңесі (Венгрия), Швед ауылшаруашылық ғылымдары университеті (Швеция) халықаралық сарапшыларды ұсынды.

Халықаралық сарапшылардың пікірінше киіктердің орал популяциясы оны тұтынушылық мақсатта пайдалануға мүмкіндік беретін санға жетті.

Осыған байланысты қазіргі уақытта Жәңгір хан атындағы «БҚАТУ» ҒБО киіктердің популяциясын басқару бойынша биологиялық негіздеме әзірлеуде, оның шеңберінде киіктердің басын ғылыми алып қою, оның дериваттарын (мүйіздерін) экономикалық мақсатта пайдалану, жайылымдар мен шалғындарды сақтандыру тетіктерін әзірлеу арқылы киіктердің шөбінен ауыл шаруашылығы

өнімдерін өндірушілердің шығындарын өтеу мүмкіндігі егжей-тегжейлі зерделенетін болады.

Осыған байланысты ғылыми ұйымның қорытындысын алғаннан кейін киіктерді сақтау және оның популяциясын басқару жөніндегі стратегияны (жол картасын) әзірлеу қаралатын болады.

Ә. Смайылов